

Comparative Turkish Dialects and Literatures

Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri ve Edebiyatları

Cilt/ Volume 2, Sayı / Issue 4, Kasım/ November 2023, 29-38

Atıf/Citation: Belgibayeva, G. (2023). Qazaq Xalıq Ertegileri Arqılıoquwşılardıñ Adamgerşilik Tärbiyesin Qalıptastıruw. *Comparative Turkish Dialects and Literatures*. 2 (4), 29-38.

QAZAQ XALIQ ERTEGİLERİ ARQILI OQUWŞILARDIÑ ADAMGERŞİLİK TÄRBIYESİN QALIPTASTIRUW

Kazak Halk Masalları Aracılığıyla Öğrencilerin Ahlaki Eğitiminin Oluşumu

Formation of Education of Students with Kazakh People's Treasury

Araştırma Makalesi / Research Article

(Makale Geliş Tarihi: 09.10.2023 / Kabul Tarihi: 29.11.2023)

Gulnur BELGİBAYEVA*

Añdatpa

Maqalada oquwşılardıñ adamgerşilik tärbiyesin qalıptastıruwdağı Qazaq xalıq ertegileriniñ röli men mañızı qarastırıladı. Biz Qazaq xalqınıñ xalıqtıq pedagogikasınıñ tärbiyelik мәselelerin zerdeleytin bolsaq, olardı xalıq şıǵarmaları negizinde zertteytin bolamız. Ädette, xalıq ertegileri balalıq şaq pen özin-özi tanuwdı qalıptastıruw üşin mañızdı. Ejelgi zamanda qalıptasqan ejelgi Qazaq folklorınıñ eñ köne türleriniñ biri – ertegi janrı. Ejelgi zamannan beri urpaqtan-urpaqqa jalǵasıp kele jatqan xalqımızdıñ keremet murası. Şındıǵında, bul janr bizdiñ zamanımızda da joyılǵan joq jäne onıñ maǵınası ertegilermen tıǵız baylanıstı. Öytkeni sol kezdegi danıspandar adamdar arasında ülken bedelge iye boldı. Ertegilerdiñ sätti qoyılımdarı Qazaq xalqınıñ este

* *Dr. Öğr. Üyesi*, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Şimkent Pedagoji Enstitüsü; *Asst. Prof. Dr.*, *Khoja Ahmet Yesevi International Turkic-Kazakh University Shymkent Pedagogical Institute*, gulnurbelgibaeva@mail.ru, ORCID ID: orcid.org/0009-0002-8924-046.

saqtaw qabileti joğarı ekenin дәleldeydi. Sonımen birge ertegiler, onıñ nasiyxat berüw erekşeligi ädebiyetke jaña mağına qostı. Maqalada qazirgi mektepтерде sonıñ işinde bastawıñ sınıbında bala boyında bolmısqa degen belsendi tanımdıq qatınastı qalıptastıruwğa jäne damıtıwğa bağıttalğan jumıstar jöninde ayt kelip, balanı tärbiyelew men bolmısqa tanımdıq qatınas qalıptastıruwdı tanımdıq ädebiyetter arqılı jolğa qoyuğa bolatındıgın atap ötedi. Qazirgi tañda oqıtıw isindegi negizgi talap ömir şındıǵı men aynaladaǵı qubılıstardı balalarğa xalıq awız ädebiyetiniñ şıǵarmaları arqılı tanıtıw, sol arqılı balanıñ oy-örisi men qiyalın, éstetikalıq jäne adamgerşilik sezimderin damıtı otırıp, olardıñ boyında xalıq şıǵarmaşılıǵına qurmet pen eñbeksüyǵistik qasiyetterdi artıruw ekendigin ğılımiy turǵıda qarastıradı. Qazaqtıñ xalıq ertegilerin pedagogikalıq-psixologiyalıq turǵıdan qarastırıp, jas jetkinşekterge tanımdıq äseriniñ joğarı bolatındıgın täjiribe körsetkenin, xalıq ertegileriniñ tañdawlı ülgileriniñ boyınan körkem kesteli til, tereñ oy jäne üzdik keyipkerlerdi tawıp, balanıñ boyında soǵan degen jılı közqarastı ańǵaruwğa boladı. Munıñ sırı onıñ ğasırlar boyı jasalıp, qalıptasqan xalıq şıǵarmaşılıǵı boluwınan dep sanaymız.

Tüyin sözder: Ertegi, bilim berüw, moraldıq, awızşa, pedagogika.

Özet

Makale, Kazak halk masallarının öǵrencilerin ahlaki eǵitiminin oluşımundaki rolüne ve önemine bakmaktadır. Kazak halkının halk pedagogisinin eǵitim sorunlarını incelersek, onları halk eserlerine göre inceleyeceǵız. Kural olarak, halk masalları çocukluǵın ve öz farkındalıǵın oluşımu için önemlidir. Antik çağda geliştirilen eski Kazak folklorunun en eski türlerinden biri masal tarzıdır. Halkımızın antik çağlardan beri nesillerden nesile aktarılan inanılmaz bir mirası. Aslında, bu tür modern zamanlarda bile yok edilmemiştir ve önemi masallarla yakından ilişkilidir. Çünkü o zamanın dahileri insanlar arasında büyük bir otoriteye sahipti. Masalların başarılı yapımları Kazak halkının yüksek anısını kanıtlıyor. Aynı zamanda halkımızın masalları, bilge şiirleri masallara yeni bir hikaye ekledi.

Makalede, bir çocuǵın ilkokullar da dahil olmak üzere modern ortaokullarda varlıǵa karşı aktif bir bilişsel tutum geliştirmeyi ve geliştirmeyi amaçlayan çalışmalardan bahsetmişken, bir çocuǵın yetiştirilmesinin ve varlıǵa karşı bilişsel bir tutum oluşıturmanın bilişsel literatür yardımıyla kurulabileceǵine dikkat çekilmektedir. Şu anda, öǵrenme konusundaki temel gereklilik, insanların sözlü edebiyatının eserleri aracılıǵıyla çocuklara hayatın gerçeklerini ve çevredeki fenomenleri bilimsel olarak bilmektir, böylece çocukta düşünme ve hayal gücü, estetik ve ahlaki duygular geliştirerek, onlara halkın yaratıcılıǵına olan saygısını ve çalışkanlıǵını arttırmaktadır. Kazak halk masallarına pedagogik ve psikolojik olarak bakıldıǵında, deneyimin genç ergenler üzerindeki bilişsel etkinin yüksek olacağını, halk masallarının seçilmiş örneklerinde sanatsal olarak işlemeli bir dil, derin düşünceler ve en iyi kahramanları bulmanın yanı sıra çocukta onlara karşı sıcak bir tutum sergilediğini gösterdiği belirtilebilir.

Anahtar kelimeler: Muhteşem, eğitici, ahlaki, sözlü, pedagoji.

Abstract

The article discusses the role and importance of Kazakh folk tales in the formation of moral education of students. If we study the educational problems of folk pedagogy of the Kazakh people, we will study them on folk works. As a rule, folk tales are important for the formation of childhood and self-awareness. One of the most ancient types of ancient Kazakh folklore, formed in ancient times, is the genre of fairy tales. The great heritage of our people, which has been passed down from generation to generation since ancient times. In fact, this genre has not disappeared even in our time, and its meaning is inextricably linked with fairy tales. Because the geniuses of that time enjoyed great authority among the people. Successful performances of fairy tales prove that the Kazakh people have a high memory. At the same time, the fairy tales of our people, his clever poetry, added a new history to the fairy tales.

The article talks about the work aimed at the formation and development of an active cognitive attitude to being in a child in modern secondary schools, including in the primary school, and notes that the upbringing of a child and the formation of a cognitive attitude to being can be established through cognitive literature. Currently, the main requirement in teaching is to show the realities of life and surrounding phenomena to children through the works of folklore, thereby developing the child's thinking and imagination, aesthetic and moral feelings, increasing in them respect for folk art and hard work. Experience has shown that Kazakh folk tales have a high cognitive impact on young people, and you can find an artistic embroidered language, deep thoughts and the best characters in selected samples of folk tales, and you can see a warm attitude towards them in the child..

Key words: Fairy-tale, educational, moral, oral, pedagogy.

Кіріспе

Қазақ халқының халықтық педагогикасының тәрбие мәселесін қарастырғанда біз фольклорлық шығармалардан бастап қарастырамыз. «Фольклор – қазіргі тілмен айтқанда «әмбебап», яғни синкретикалық өнер түрі. Онда өнердің әр түрі – сөз, музыка, хореография және театр өнері шоғырланған» (Жолдасбеков, 2014: 87). Ал әдебиет және музыка сабағын оқыту барысында ертегілерді пайдаланудың ұтымды тұстары көптеп саналады. Жалпы халық ертегілерінің бала дүниетанымы мен санасын қалыптастырудағы маңызы жоғары.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде ертеде қалыптасып, содан бері дамып келе жатқан көне жанрлардың бірі – ертегілер жанры (Ғабдуллин, 1989: 45). Ертегілер сонау көнеден бастау алғанымен ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараған

халқымыздың рухани асыл мұрасы. Біздің заманымызға бұл жанрдың қаймағы бұзылмай, өзінің құндылығымен жетіп отыруы ертекшілермен тығыз байланысты. Себебі ол кездің данышпандары халық арасында үлкен беделге ие болған. Ертекшілердің ертегіні шебер орындағандығы қазақ халқының есте сақтау қабілетінің жоғары екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар суырып салма ақындыққа ие халқымыздың ертекші өкілдері ертегілік сюжетті жаңадан тудырып толықтырып отырды (Байтұрсынов, 2013: 147).

Негізінен ертегілерде қазақ халқының болашаққа деген сенімі мен арман-тілегі, қиялы, даналығы, ғасырлық өмір тәжірибесі көрініс тауып отырған. Ертегінің түрлері көптеп саналады. Алайда қай түрін алып қарасаңыз да, оның баланың ойы мен қиялының ұшқырлығын күшейтіп, мінез-құлқы мен ерік - жігерін қалыптастыруға тигізер ықпалы мол (Ізғұттынова, 2017: 39). Дәл осы себепті ертегіні музыка сабағында оқыту барысында оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айрықша көңіл бөлген дұрыс сияқты.

Негізгі бөлім

Адам баласының дүниеге және айналадағы құбылыстарға ғылыми көзқарасының қалыптасуы күрделі әрі ұзақ құбылыс. Ертегінің алғаш адам баласына тәрбие әдісі ретінде пайдаланатын уақыт тым ертерек басталады. Бесік жырын тыңдап өскен баланың болмысын қалыптастыру үшін отбасында алдымен ертегіні ұсынады. «Ертегі - балалық шақтан бастап дүние құбылысқа дұрыс түсінік қалыптастыру үшін тәрбие құралы ретінде қолданылады. Қоршаған ортамен бала өзі танысып үлгереді. Отбасында ата-ана, ата-әже мектебінен өткен бала да ертегі арқылы қалыптасады» (Өміртаева, 2000: 22).

Ал орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныбында бала бойында болмысқа деген белсенді танымдық қатынасты қалыптастыруға, дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілуі тиіс. Баланы тәрбиелеу мен болмысқа танымдық қатынас оятудың бірден-бір жолы танымдық әдебиеттерде екені мәлім. Ал қазіргі уақытта оқытуға қойылып отырған талаптың бірі – өмір шындығы мен айналадағы құбылыстарды балаларға халық ауыз әдебиетінің шығармалары арқылы таныту, сол арқылы баланың ой-өрісі мен қиялын, эстетикалық және адамгершілік сезімдерін дамыта отырып, олардың бойында халық шығармашылығына құрмет пен еңбексүйгіштік қасиеттерді арттыру болып отыр.

Қазақтың халық ертегілеріне педагогикалық-психологиялық тұрғыдан көз жіберсек, мұның жас жеткіншектерге танымдық әсері жоғары екендігін

байқаймыз. «Қазақтың халық ертегілерінің таңдаулы үлгілерінің бойынан көркем кестелі тіл, терең ой және үздік кейіпкерлерді табуға болады» (Алпысбаева, 2015: 30). Мұның сыры оның ғасырлар бойы жасалып, қалыптасқан халық шығармашылығы болуынан деп санаймыз. Ертегінің идеялық көркемдік қасиетін балалардың санасына жеткізудің және оқып үйретудің өзіне лайықты жолдары мен әдіс-тәсілдері бар. Ертегі жанры ел аузында сан ғасырлар бойы сақталып келеді.

Осы ертегілер арқылы баланың танымы мен түйсігін қалыптастырудан бөлек, адамгершілікке тәрбиелеуде де маңызы зор. Сонымен қатар музыка сабағында ертегінің оқыту арқылы бала бойында эстетикалық тәрбие қалыптастырудың өзіндік қажеттілігі бар.

Қазіргі рухани жаңғыру мен жаһанданудың бел ортасында тұрған Қазақстан Республикасының білім беру саласының алдына қойған мақсаты ел тарихы мен мәдениетін меңгерген, білімді, саналы, зерделі, өнерлі және прагматик тұлғаларды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін орта мектептерде білім алатын оқушылардың бойында ұлттық сана қалыптастыру қажет. Ұлттық кодымызды әр баланың бойына сіңіру. Ауыз әдебиеті мен музыка бір-бірімен етене тығыз байланысты. Себебі бұл өнерлерді дамытып, халыққа таратушы тұлғалар өнердің бірнеше түрін меңгерген дарынды адамдар болды.

Ата-бабамыз хат, қағаз танымайтын дәуірлерде өмір сүрген кезеңдерінде балаларын осы ертегі, ән, күй, қисса, дастан т.б. ауыз әдебиетінің мұралары арқылы тәрбиеледі. Олардың бойында ұлттық нақыш толы болды (Жұртбай, 2020: 147). Сондықтан қазақ халқы ұлт ретінде ана тілі сақталған, салт-дәстүрі бұзылмаған, өнері мен мәдениеті дамыған ел ретінде қалыптасып, ХХІ ғасырға аяқ басты.

Фольклорлық шығармалардың негізгі жанрларының бірі болған ертегі жанры – фольклорлық халықтық көркем проза. Ертегінің мақсаты тыңдаушыға өнегелік тәрбие берумен қатар эстетикалық сезім сыйлау болып табылады. Жалпы ертегі жанрының атқаратын қызметі бір жақты қарастырылмайды. Біріншіден – тәрбиелік, екіншіден – көркем-эстетикалық сипаттары жағынан қарастырылатын әдеби туынды. Ертегінің жанрлық сипаты осы аталған қызметтерін толық ашып көрсете алады. Ертегінің негізгі міндеті баяндалатын сюжетті барынша тартымды етіп, көркем жеткізу. Ертегі сюжеті шындыққа бағытталмаған. Оны баяндаушы, яғни ертегіші шындықты немесе өмірде болғандығы жөнінде дәлелдер келтіруге міндетті емес. Ертегі белгілі бір сұлба бойынша құрылып, композициясы басты кейіпкерді дәріптеуге бағытталады.

Бұлардың барлығы ертегінің идеялық және мазмұндық, көркемдік тұтастығын қамтиды (Байтұрсынов, 1991: 38). Көркемдік тұтастық ертегі жанрына композиция мен эстетикалық мұрат бірлігін, сонымен бірге көркем шарттылықтың, ауызекі сөйлеу тілінің жүйелілігін, тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы барысын реттеп отырады. Бұл жанрда қиял мақсатты түрде қолданылғандықтан, әсірелеу құбылысы ойдан ғажайыпқа айналдырып жібереді. Қиял ғажайыпқа толы ертегі әлемі күнделікті адамдар көріп жүрген заттар мен құбылыстарды мақсатты түрде басқа құбылысқа айналдырып көрсетуі, қиялдың ертегі жанрында көркем бейнелеуші құрал екендігін айғақтайды.

Ертегінің композициясы мен поэтикасы көркем әрі жүйелі құрылады. Композициясы бастау, эпикалық баяндау және аяқтау сияқты бірнеше бөлшектерден тұрады. Шығарманың бастауы ертегінің бас қаһарманының ата-анасы туралы, қаһарманның туылуы туралы өлең түрінде кейде проза түрінде тыңдаушысын таныстырып өтеді. Ал эпикалық баяндау кезеңінде бас кейіпкердің есеюі, қызбен танысып үйленгенін және тағы басқа да бастан кешірген оқиғаларын баян етеді. Ертегінің аяқтау кезеңінде қаһарман өзінің сүйгеніне қол жеткізуі, өзінің алдына қойған мақсаты мен мұратына жеткенінен хабардар етеді. Шығарманың бастамасы мен аяқтауы тұрақты тіркестерден тұрады. Көне дәуірден келе жатқан ертегі жанры өзі басынан өткерген әр дәуір мен қоғамның болмысы мен танымын, сол кезеңнің тынысын өз бойында сақтап, қазіргі дәуірге жеткізіп отыр. Әсіресе, қазақ ертегілерінде хандық дәуірдегі заманның шындығы мен әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер, халқымыздың тұрмыс-тіршілігі көрініс табады. Жанрлық және сюжеттік құрамы жағынан әр алуан болып келеді.

Бір топ ертегілердің сюжеттері қазақ халқына ғана тән болып келеді немесе басқа ұлттың ертегілерімен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де болады. Ортақ сюжетке ие ертегілер тарихи-типологиялық ситуацияларға сай пайда болған немесе туыстас халықтармен ортақ болып келеді. Ал енді біршамасы қазақ елімен тарихи және мәдени байланыстың негізінде тараған болатын. Міне, осындай себептерден қазақ ертегілерінде таза ұлттық нақышты және өзге ұлттың да, көшпелі ел сюжеттері де қатар жүрген.

Қазіргі таңда бұл хикаялар бізге фольклордағы көркем проза түрінде көрінеді. Ертедегі мифте кездесетін жалғыз көзді дәу, албасты, жезтырнақ, жалмауыз кемпір тағы басқа да мақұлықтарды аңшылардың әңгімесімен біріктіріліп кеткен. Осылайша миф, хикая, аңшылық әңгімелер барлығы біріге келе ертегіге айналды. Жалпы ертегінің пайда болу жолдарынан біз осындай

ізді көрсек, қалыптасудың алғашқы кезеңдерінде тыңдаушылар ертегінің ойдан шығарылған деп санамай, соған барынша сенген.

Қазақтың ағартушы педагогы Ыбырай Алтынсарин «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» (Хасанова, 1972: 22) деп ертегінің адам өміріндегі маңызына бір ауызбен тұжырым жасаған болатын.

Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныбында оқыту мен тәрбие беруде баланың жас шамасы мен тұлғалық ерекшеліктерін ескере келіп, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейінде баланың адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалған. Қай уақытта болмасын тәрбиенің негізгі тетігі халық педагогикасының қайнар көздерінен бастау алады. Қазақ халқының тәлім-тәрбие беру мұрасының басты мақсаты адамгершілік, қайырымдылық, мейірбандылық сияқты қасиеттерді ұлықтайды. «Баланы бастан» деген қағиданы жақсы ұстанған халқымыз білім-ғылым дамымай тұрған кездің өзінде-ақ тәрбиелеудің озық әдістерін пайдаланған. Баламен қарым-қатынас жасау барысында ертегінің атқаратын рөлі жоғары. Себебі ертегі айту арқылы баламен жақсы қатынас орнатудың нәтижелі құралы деп санауға негіз бар.

Жалпы халық ауыз әдебиетінің қандай түрлерін алып қарасаңыз да барлығында өскелең ұрпақтың рухани әлеміне әсер тәрбиелік маңызы бар құндылықтарға ие. Сол себепті де ауыз әдебиетінің асыл мұраларын бастауыш сынып оқушыларының бойындағы жақсы игі қасиеттерді қалыптастыруда пайдаланудың тиімділігі жоғары. Бала бойында әдемілік пен әсемдік осы рухани мұралардан бастау алады. Баланың таным-түсінігі енді қалыптасып, айналасына зер салып қарап, фундаменті қалыптасып келе жатқан кезінде ертегі баланың қиялы мен ерік-жігерін жанып, бойына махаббат пен мейірім, сұлулық пен әсемдік сияқты құндылықтарды қалыптастыратын осы ертегілер екені айдан анық.

Бүгінгі күнгі өмірдің қойып отырған талаптарына сай болу үшін, жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуде үздіксіз тәрбие беруді мектептің бастауыш сыныптарынан бастап орындаған тиімді. Баланың тәрбиесінің бастау көзі жанұядағы тәрбиеден бастау алғанымен, мектептегі тәрбиенің, педагогикалық жан-жақты тәрбиенің орны бөлек. Мектептегі тәрбие бала бойындағы ашылмаған қырларын ашып, өмір бойғы ізгілік қасиеттерін бойына жинауына өз әсерін тигізеді. Баланың мектеп қабырғасындағы жүйелі білім алуы үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сонымен бірге мектепте инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңыздылығы жоғары. Инновациялық білім беру құралдарына жататын аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк пен инновациялық сайттарды қолданысқа ендірудің қажеттілігі уақыт өткен сайын арта түсуде.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда мультимедиялық оқулықтарды пайдалану кеңінен өріс алуда. Мұндай жағдайда мұғалім әрбір оқыту және тәрбие беру іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктерді ауыстырып отырады. Бұл мультимедиялық оқулықтар оқушыларға сабақ түсіндіру барысында уақытты тиімді пайдалануға оң әсерін тигізеді. Сабақ барысында ертегілердің кейіпкерлері арқылы жақсы мен жаманның арақашықтығын ажырата алады. Ертегілерді пәнаралық байланыс ретінде қолданудың өзіндік тиімділігі бар.

Ертегінің әр қайсысының көркемдік ерекшелігі мен композициялық құрылысы болады. Олардың да белгілі сюжетке орайластырылады. Яғни оқиғаның бастауы мен аяқталуы, шешімді түйіні болады. Әдетте ертегінің желісінде оқиға баяу ғана баяндау сипатында басталып, даму барысында оқиғаның желісі күрделене береді. Баланың психологиясына әсер адамның өміріне қатысты іс-әрекетке орайластырылған ертегі әдетте өткір мысқылмен беріліп отырады. Ол ертегіден бала бойында сол оқиғаға деген күлкі үйіріледі. Ал сол оқиғада жағымсыз оқиға бар болса кейіпкер бойындағы жағымсыз әрекетке жиіркенішпен қарап, ол әдеттен бойын аулақ ұстауға ұмтылады.

Әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлға ретінде мәдениетін қалыптастыруда педагогикалық үдерістің алдына қойған міндеттерін жолға қоюда тиімді әдіс болып табылады. Қазіргі заманғы инновациялық әдістерді бастауыш сыныпта қолдану арқылы балалардың жалықпай, шаршамай жан-жақты дамуына оң әсер етеді.

Қорытынды

Бала тәрбиесі қашанда маңызды міндет болып саналады. Бұл істе ата-аналардың бала тәрбиесіне азаматтық борышы ретінде қараған жөн. Қазіргі таңда ата-аналардың көпшілігі бала тәрбиесіне толыққанды көңіл бөлмеуінің салдарынан материалдық жағынан қамтамасыз етілгенімен, баланың рухани әлемі қараусыз қалуда. Бұл орайда баяғы ертегі айтатын әжелердің азайғанын немесе электронды техника әлемінің жетілуінің әсерінен балалар мультфильмге ден қойып, ауызекі ертегі тыңдауға құлықсыз болып отырғаны

да жасырын емес. Электронды техниканың және ғаламтордың өсіп келе жатқан бала денсаулығы тигізер зияндарын ескеріп, оған тосқауыл қойып отырған ешкім жоқ.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбие беруде тиімді құрал ретінде ертегіні пайдалану өте тиімді. Әдетте, ертегілердің мазмұнында халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, тыныс-тіршілігі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, бақыт жолындағы күресі мен еңбексүйгіштігі, туған халқына, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері суреттеледі. Осы орайда ертегі зерттеушісі Т. Барласұлы ертегінің мәнімен маңызы жөнінде: «Ертегі - рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», - деп тұжырым жасайды (Барласұлы, 2000: 22).

Бұл жөнінде қазақ фольклористикасының зерттеушісі М. Әуезов: «Ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады» деген болатын (Әуезов, 1991: 126).

Paydalanған әдебиеттер

- Alpısbayeva Q. (2015). Fol'klorlıq Mätinnin Oqıluvı men Mätin Tarihın Zerttevedegi Tura Malimetter, Kervan, No 1 (40), ss. 30-35.
- Avezov M. (1991) Ädebiyät Tarixı, Almatı: Ana Tili.
- Barlasulı T. (2000). Söz Atası – Ertegi, Qurannan Sır Şertedi, Qazaq Ädebiyätı, No 39, ss. 22-29.
- Bastav (metin): Orta Mektepterdin 3-4 Sınıptarına Arnalğan "Ana Tili" Oqulıǵına Qosımşa Avız Ädebiyätı Ülgilerinin Jıynaǵı (2000). Qur. I. Ömirtayeva, T. Minjasarova, Astana: Sariarka Yayıncılık.
- Baytursınov A. (1991). Aq Jol, Almatı: Jalın Yayıncılık.
- Baytursınulı A. (2013). Altı Tomdıq Şıǵarmalar Jıynaǵı, Qur. R. S. İmaxanbet; Almatı: El-şejiire.
- Ğabdullin M. (1989). Qazaq Xalıq Avız Ädebiyätı, Almatı: Jazuşı Yayıncılık.
- İzğuttınova R. (2017). Mekteptin Bastavış Satısında Qazaq Xalıq Avız Ädebiyätı Ülgilerin Oquv Adistemeseı, Almatı.

- Jurtbay T. (2020). Barlav Tamır, Xalık Avız Ädebiyätı – Tarixı Derek Retinde, Astana: L.N. Gumilov Universiteti.
- Qazaq Önerinin Antologiyası (2014). Qur. M. Joldasbekov, R. Almuhanova, T. 25, Astana: Kültegin Yayıncılık.
- Xasanova S. (1972). İbray Altınсарın Şığarmalarının Tili, Almatı: Mektep Yayıncılık.